

**"Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы есептердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 21 тамыздағы № 279 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 30 шілдедегі № 426 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 карашада № 12293 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 1457 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 27.09.2018 № 1457 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4) тармақшасына, 13-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы есептердің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушы 2013 жылғы 21 тамыздағы № 279 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8635 тіркелінген, 2013 жылғы 26 желтоқсанда № 344 (27618) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-қосымша "Нысан адвокаттың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсеткені туралы есебіне арналған" осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2-қосымша "Мемлекет кепілдік берген заң көмегі көрсетілгені туралы адвокаттар алқасының жиынтық есебі арналған нысан" осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң көмегін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың, оны мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

міндетін атқарушы

Б. Әбдірайым

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің

\_\_\_\_\_ Ә.Смайылов

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2015 ж.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің міндетін атқарушы

2015 жылғы 30 шілдедегі

№ 426 бұйрығына

1–қосымша

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің міндетін  
атқарушының

2013 жылғы 21 тамыздағы

№ 279 бұйрығына

1–қосымша

Әкімшілік деректерді

жинауға

арналған нысан

**Адвокаттың бюджеттік қаражаттар есебінен қорғау және өкілдік етуге байланысты шығындардың орнын толтыру және заң көмегін көрсету туралы есебі**

**Есепті кезең** 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

**Индекс:** 1-(Заң көмегі)

**Мерзімділігі:** ай сайын

**Ұсынатын адамдар тобы:** адвокаттар

**Қайда ұсынылады:** адвокаттар алқасының төралқасына

**Тапсыру мерзімі:** есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей

1 тарау. Заң көмегі көрсетілген азаматтардың саны туралы мәліметтер			
Жол №	мазмұны	барлығы	олардың ішінде ауылдық өңірлердегі азаматтар
1	2	3	4
1	Құқықтық консультация көрсетілген азаматтардың саны, барлығы		

2	Оның ішінде түрлеріне орай	ауызша және жазбаша консультациялар		
3		нақты істі жүргізуге байланысты емес құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау		
4	Қылмыстық процессте, сотқа дейінгі іс жүргізуді қоса алғанда, құқықтары қорғалған азаматтардың саны, барлығы			
5	Оның ішінде кәмелетке толмағандар			
6	Сотқа дейінгі іс жүргізуді қоса алғанда, құқықтары қылмыстық сот ісін жүргізуде білдірілген жәбірленушілердің саны			
7	Құқықтары әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуде қорғалған азаматтардың саны, барлығы			
8	Оның ішінде кәмелетке толмағандар			
9	Мүддесі азаматтық сот ісін жүргізуде білдірілген азаматтардың саны, барлығы			
10	Оның ішінде	асыраушысының қайтыс болуына, мертігу немесе денсаулықтың жұмысқа байланысты өзге де зақымдануынан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы істер бойынша талапкерлер		
11		егер сот қарайтын дау кәсіпкерлік қызметке қатысты емес болса, ҰОС қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талапкерлер мен жауапкерлер		
12		Азаматтық іс жүргізу заңында көзделген тәртіппен құқықтары ресми өкіл-адвокат ретінде білдірілген азаматтар		
13	Заң көмегі көрсетілген азаматтардың жалпы саны (1,4,6,7,9 жолдардың сомасы)			
14	Оның ішінде	әйелдердің жалпы саны		
15		шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың жалпы саны		

2 тарау. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету барысында орындалған жұмыстың жалпы сипаттамасы

Жол №	Заң көмегін алу үшін жүгінген тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауда адвокаттың қолданған құралдары мен тәсілдері және адвокаттың тиісті органдардың немесе	Мәлімделген өтініш хаттар немесе берілген шағымдар		Қанағаттандырылған өтінішхаттар немесе шағымдар	
		барлығы	Оның ішінде адвокаттардың	барлығы	Оның ішінде ауылдық өңірдегі адвокаттардың

	соттардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) ықпал ету нысандары				арызданулары немесе шағымданулары
1	2	3	4	5	6
16	Білікті заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салулар				
17	Процессуалдық іс әрекеттердің өндірісі немесе сотқа дейінгі процессуалдық шешім қабылдау туралы өтінішхат				
18	Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) және шешімдеріне шағымдар				
19	Тергеу сотының қаулыларына шағымдар				
20	Бірінші сатыдағы соттағы өтінішхаттар				
21	Қылмыстық істер бойынша апелляциялық шағымдар, барлығы				
22	Оның ішінде кәмелетке толмағандардың мүддесіне				
23	Қылмыстық істер бойынша кассациялық шағымдар				
24	Заңды күшіне енген сот үкімдерін, қаулыларын қайта қарау туралы өтінішхаттар				
25	Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаулыларға шағымдар				
26	Азаматтық істер бойынша апелляциялық шағымдар				

3 тарау. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуде адвокаттардың қатысуын ұйымдастыру жағдайы

Жол №	Мазмұны	барлығы	Олардың ішінде ауылдық өңірлердегі
1	2	3	4
27	Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізіміне кіргізілген алқа мүшелерінің жалпы саны		
28	Мемлекет кепілдік берген заң көмегін есептік кезеңде нақты көрсеткен адвокаттардың саны, барлығы		
29		Құқықтық консультация беру	
30		Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу	

31	Оның ішінде түрлеріне орай	Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізуге қатысу		
32		Азаматтық іс жүргізуге қатысу		
33	Төлемдердің сомасы			
34	Есептік кезеңнің соңындағы берешек сомасы			

Адвокат \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы) (қолы)  
\_\_\_\_\_ (толтыру күні) телефон  
М.П.

**"Адвокаттың бюджеттік қаражаттар есебінен қорғау және өкілдік етуге байланысты шығындардың орнын толтыру және заң көмегін көрсету туралы есебінің" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Адвокаттың бюджеттік қаражаттар есебінен қорғау және өкілдік етуге байланысты шығындардың орнын толтыру және заң көмегін көрсету туралы есебінің" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме индекс (1-заң көмегі), мерзімділігі – ай сайын (бұдан әрі – Нысан) Қазақстан Республикасының "Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету" туралы Заңының 11-бабының 4-тармақшасына және 13-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес әзірленді және "Адвокаттың бюджеттік қаражаттар есебінен қорғау және өкілдік етуге байланысты шығындардың орнын толтыру және заң көмегін көрсету туралы есебінің" индекс 1-(заң көмегі) әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Аталған нысанды жүргізудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының сақталуына мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

3. Есептің толтырылған нысанын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін адвокат ай сайын жасайды.

4. Нысанға адвокат қол қояды.

**2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысанның 1-жолында құқықтық консультация берілген азаматтардың саны көрсетіледі, барлығы;

6. Нысанның 2-жолында берілген құқықтық консультациялардың жалпы саны , онын ішінде ауызша және жазбаша консультациялар саны көрсетіледі;
7. Нысанның 3-жолында нақты істі жүргізуге байланысты емес құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау саны көрсетіледі;
8. Нысанның 4-жолында азаматтардың жалпы саны көрсетіледі, барлығы;
9. Нысанның 5-жолында қылмыстық процессте, сотқа дейінгі іс жүргізуді қоса алғанда, құқықтары қорғалған кәмелетке толмағандар саны көрсетіледі;
10. Нысанның 6-жолында қылмыстық іс жүргізуде, сотқа дейінгі іс жүргізуді қоса алғанда, құқықтары білдірілген жәбірленушілердің саны көрсетіледі;
11. Нысанның 7-жолында азаматтардың саны көрсетіледі, барлығы;
12. Нысанның 8-жолында құқықтары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуде қорғалған кәмелетке толмағандар саны көрсетіледі;
13. Нысанның 9-жолында азаматтық сот ісін жүргізуде мүддесі білдірілген азаматтардың саны көрсетіледі, барлығы;
14. Нысанның 10-жолында асыраушысының қайтыс болуына, мертігу немесе денсаулықтың жұмысқа байланысты өзге де зақымдануынан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы істер бойынша талапкерлер саны көрсетіледі;
15. Нысанның 11-жолында егер сот қарайтын дау кәсіпкерлік қызметке қатысты емес болса, талапкерлер, ҰОС қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер мен жауапкерлер болып табылатын азаматтардың жалпы саны көрсетіледі;
16. Нысанның 12-жолында азаматтық іс-жүргізу заңында көзделген тәртіппен құқықтары ресми өкіл-адвокат ретінде білдірілген азаматтардың жалпы саны көрсетіледі;
17. Нысанның 13-жолында заң көмегі көрсетілген азаматтардың жалпы саны ( 1, 4, 6, 7, 9-жолдардың сомасы нысанның 13-бағанының мәніне тең) көрсетіледі;
18. Нысанның 14-жолында заң көмегі көрсетілген әйелдердің жалпы саны көрсетіледі;
19. Нысанның 15-жолында заң көмегі көрсетілген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың жалпы саны көрсетіледі;
20. Нысанның 16-жолында білікті заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салулар көрсетіледі;
21. Нысанның 17-жолында процессуалдық іс-әрекеттердің өндірісі немесе сотқа дейінгі процессуалдық шешімдерді қабылдау туралы өтінішхаттар көрсетіледі;
22. Нысанның 18-жолында қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) және шешімдеріне шағымдар саны көрсетіледі;

23. Нысанның 19-жолында тергеу сотының қаулыларына шағымдар саны көрсетіледі;

24. Нысанның 20-жолында бірінші сатыдағы соттағы өтінішхаттар саны көрсетіледі;

25. Нысанның 21-жолында қылмыстық істер бойынша апелляциялық шағымдар саны көрсетіледі, барлығы;

26. Нысанның 22-жолында кәмелетке толмағандар мүддесінде қылмыстық істер бойынша апелляциялық шағымдар саны көрсетіледі;

27. Нысанның 23-жолында қылмыстық істер бойынша кассациялық шағымдар саны көрсетіледі;

28. Нысанның 24-жолында заңды күшіне енген сот үкімдерін, қаулыларын қайта қарау туралы өтінішхаттар саны көрсетіледі;

29. Нысанның 25-жолында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаулыларға шағымдар саны көрсетіледі;

30. Нысанның 26-жолында азаматтық істер бойынша апелляциялық шағымдар саны көрсетіледі;

31. Нысанның 27-жолында мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізіміне кіргізілген алқа мүшелерінің жалпы саны көрсетіледі;

32. Нысанның 28-жолында мемлекет кепілдік берген заң көмегін есептік кезеңде нақты көрсеткен адвокаттардың саны көрсетіледі, барлығы;

33. Нысанның 29-жолында құқықтық консультациялар (28-бағанның сомасына тең) көрсетіледі;

34. Нысанның 30-жолында қылмыстық сот ісін жүргізуге (28-бағанның сомасына тең) қатысу көрсетіледі.

35. Нысанның 31-жолында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысу көрсетіледі;

36. Нысанның 32-жолында азаматтық іс жүргізуге қатысу (28-бағанның сомасына тең) көрсетіледі.

37. Нысанның 33-жолында төлем сомасы көрсетіледі.

38. Нысанның 34-жолында есептік кезең соңындағы берешек сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің міндетін атқарушы  
2015 жылғы 30 шілдедегі  
№ 426 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің міндетін  
атқарушының  
2013 жылғы 21 тамыздағы

Әкімшілік деректерді  
жинауға  
арналған нысан

## Адвокаттың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы есебі

Есептік кезең 20 \_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_

Индекс: 2-(заң көмегі)

Мерзімділігі: жартыжылдық

Ұсынатын адамдар тобы: адвокаттар алқасының төралқасы \_\_\_\_\_

Қайда ұсынылады: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының аймақтық әділет органдарына

Ұсыну мерзімі: 20 шілде мен 20 қаңтардан кешіктірмей.

1 тарау. Заң көмегі көрсетілген азаматтардың саны туралы мәліметтер			
Жол №	мазмұны	барлығы	олардың ішінде ауылдық өңірлердегі азаматтар
1	2	3	4
1	Құқықтық консультация берілген, азаматтардың саны, барлығы		
2		ауызша және жазбаша консультациялар	
3	Оның ішінде түрлеріне орай	нақты істі жүргізуге байланысты емес құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау	
4	Қылмыстық процессте, құқықтары сотқа дейінгі іс жүргізуді қоса алғанда, қорғалған азаматтардың саны, барлығы		
5	Оның ішінде кәмелетке толмағандар		
6	Құқықтары қылмыстық іс жүргізуде, сотқа дейінгі іс жүргізуді қоса алғанда, білдірілген жәбірленушілердің саны		
7	Құқықтары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қорғалған азаматтардың саны, барлығы		
8	Оның ішінде кәмелетке толмағандар		
9	Мүддесі азаматтық сот ісін жүргізуде білдірілген азаматтардың саны, барлығы		
10		асыраушысының қайтыс болуына, мертігу немесе денсаулықтың жұмысқа байланысты өзге де зақымдануынан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы істер бойынша талапкерлер	



11	Оның ішінде	егер, сот қарайтын дау кәсіпкерлік қызметке қатысты емес болса, ҰОС қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талапкерлер мен жауапкерлер		
12		Азаматтық іс-жүргізу заңында көзделген тәртіппен құқықтары ресми өкіл-адвокат ретінде білдірілген азаматтар		
13	Заң көмегі көрсетілген азаматтардың жалпы саны (1,4,6,7,9 жолдардың сомасы)			
14		әйелдердің жалпы саны		
15	Оның ішінде	шет елдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың жалпы саны		

2 тарау. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету барысында орындалған жұмыстың жалпы сипаттамасы

Жол №	Заң көмегін алу үшін жүгінген тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауда адвокаттың қолданған құралдары мен тәсілдері және тиісті органдардың немесе соттардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) ықпал ету нысандары	Мәлімделген өтініштер немесе берілген шағымдар		Қанағаттандырылған өтінішхаттар немесе шағымдар	
		барлығы	Оның ішінде ауылдық өңірдегі адвокаттардың	барлығы	Оның ішінде ауылдық өңірдегі адвокаттардың арызданулары немесе шағымданулары
1	2	3	4	5	6
16	Білікті заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салулар				
17	Процессуалдық іс-әрекеттердің өндірісі немесе сотқа дейінгі процессуалдық шешімдерді қабылдау туралы өтінішхаттар				
18	Қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) және шешімдеріне шағымдар				
19	Тергеу сотының қаулыларына шағымдар				
20	Бірінші сатыдағы соттағы өтінішхаттар				
21	Қылмыстық істер бойынша апелляциялық шағымдар, барлығы				

22	Оның ішінде кәмелетке толмағандардың мүддесіне				
23	Қылмыстық істер бойынша кассациялық шағымдар				
24	Заңды күшіне енген сот үкімдерін, қаулыларын қайта қарау туралы өтінішхаттар				
25	Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаулыларға шағымдар				
26	Азаматтық істер бойынша апелляциялық шағымдар				

Адвокаттар алқасының төралқа төрағасы \_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, қолы)

\_\_\_\_\_ (жасалған мерзімі)

**"Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы жиынтық есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы жиынтық есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме индекс (2-заң көмегі), мерзімділігі – ай сайын (бұдан әрі – Нысан) Қазақстан Республикасының "Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету" туралы Заңының 11-бабының 4-тармақшасына және 13-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес әзірленді және "Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы жиынтық есебі" индекс 2-(Заң көмегі), мерзімділігі – жартыжылдық әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Аталған нысанды жүргізудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының сақталуына мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

3. Есептік деректер мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы адвокаттар есебінің негізінде толтырылады.

4. Нысанға адвокаттар алқасының төралқа төрағасы қол қояды.

**2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысанның 1-жолында құқықтық консультация берілген азаматтардың саны көрсетіледі, барлығы;
6. Нысанның 2-жолында ауызша және жазбаша консультациялар саны көрсетіледі;
7. Нысанның 3-жолында нақты істі жүргізуге байланысты емес құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау саны көрсетіледі;
8. Нысанның 4-жолында азаматтардың жалпы саны көрсетіледі, барлығы;
9. Нысанның 5-жолында құқықтары қылмыстық процессте, сотқа дейінгі іс жүргізуді қоса алғанда, қорғалған кәмелетке толмағандар саны көрсетіледі;
10. Нысанның 6-жолында құқықтары қылмыстық іс жүргізуде, сотқа дейінгі іс жүргізуде қоса алғанда, білдірілген жәбірленушілердің саны көрсетіледі;
11. Нысанның 7-жолында азаматтардың саны көрсетіледі, барлығы;
12. Нысанның 8-жолында құқықтары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуде қорғалған кәмелетке толмағандар саны көрсетіледі;
13. Нысанның 9-жолында мүддесі азаматтық сот ісін жүргізуде білдірілген азаматтардың саны көрсетіледі, барлығы;
14. Нысанның 10-жолында асыраушысының қайтыс болуына, мертігу немесе денсаулықтың жұмысқа байланысты өзге де зақымдануынан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы істер бойынша талапкерлер саны көрсетіледі;
15. Нысанның 11-жолында, егер сот қарайтын дау кәсіпкерлік қызметке қатысты емес талапкерлер, ҰОС қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер мен жауапкерлер болып табылатын талапкерлер мен жауапкерлердің жалпы саны көрсетіледі;
16. Нысанның 12-жолында құқықтары азаматтық іс жүргізу заңында көзделген тәртіппен ресми өкіл-адвокат ретінде білдірген азаматтардың жалпы саны көрсетіледі;
17. Нысанның 13-жолында заң көмегі көрсетілген азаматтардың жалпы саны (1, 4, 6, 7, 9 жолдардың сомасы нысанның 13-бағанының мәніне тең) көрсетіледі;
18. Нысанның 14-жолында заң көмегін көрсетілген әйелдердің жалпы саны көрсетіледі;
19. Нысанның 15-жолында заң көмегі көрсетілген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың жалпы саны көрсетіледі.
20. Нысанның 16-жолында білікті заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салулар көрсетіледі;
21. Нысанның 17-жолында процессуалдық іс-әрекеттердің өндірісі немесе сотқа дейінгі процессуалдық шешімдерді қабылдау туралы өтінішхаттар көрсетіледі;

22. Нысанның 18-жолында қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органның әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) және шешімдеріне шағымдар саны көрсетіледі;

23. Нысанның 19-жолында тергеу сотының қаулыларына шағымдар саны көрсетіледі.

24. Нысанның 20-жолында бірінші сатыдағы соттағы өтінішхаттар саны көрсетіледі;

25. Нысанның 21-жолында қылмыстық істер бойынша апелляциялық шағымдар саны көрсетіледі, барлығы;

26. Нысанның 22-жолында кәмелетке толмағандардың мүддесіне апелляциялық шағымдар саны көрсетіледі;

27. Нысанның 23-жолында қылмыстық істер бойынша кассациялық шағымдар саны көрсетіледі.

28. Нысанның 24-жолында заңды күшіне енген сот үкімдерін, қаулыларын қайта қарау туралы өтінішхаттар саны көрсетіледі;

29. Нысанның 25-жолында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаулыларға шағымдар саны көрсетіледі.

30. Нысанның 26-жолында азаматтық істер бойынша апелляциялық шағымдар саны көрсетіледі.